

ТДМ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

Тұрақты даму және ESG қағидаттарын енгізу Қордың негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Ұзақ мерзімді тұрақты дамудың негізгі факторларына адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету кіреді.

Қор және оның портфельдік компаниялары Біріккен Ұлттар ұйымы қабылдаған тұрақты

даму мақсаттарына (бұдан әрі – БҰҰ ТДМ), БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына, БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаттарына, Экватор Қағидаттарына бейілділігін бөліседі.

Қор стратегияның, мақсаттар мен міндеттердің тұрақты даму саласындағы жалпы мақсаттармен, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, БҰҰ ТДМ-да, Париж климаттық келісімінде көрсетіл-

ген мақсаттармен және тиісті ұлттық және аймақтық мақсаттармен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар Қордың Даму стратегиясын (Даму жоспарын) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі. Қордың тұрақты даму саласындағы қызметі туралы толығырақ ақпарат тұрақты даму туралы есепте берілген, онымен Қордың веб-сайтында танысуға болады.

11 БҰҰ ТДМ



ТДМ-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- Қор Тобының ESG-рейтингі
2032 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 70 ПЕРЦЕНТИЛЬ
- Қор компанияларының басшы органдарында әйелдердің үлесін арттыру
2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 30%
- Қордың ДК және ЖК құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі
50% ДЕҢГЕЙІНДЕ ҰСТАУ

H&S ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

- LTIF 0,12 жету
2027

КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ

- Парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын азайту (1 деңгей және 2 деңгей)
2032 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ≥ [-10%]
- Электр энергиясын сатып алуда төмен көміртектегі генерацияның үлесін арттыру
2032 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 45%

РЕСУРС ҮНЕМДЕУ

- Өндірістік қызметтің энергия сыйымдылығын төмендету
2027 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ -10%

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

- Кәдрлік әлеуетті арттыру, жаңа салаларда құзыреттілікті күшейту

«ЖАСЫЛ» ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- Офсеттік жобалар портфелін қалыптастыру
2032 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 5,8 МЛН ТОННА CO₂-ЭКВ
- Электр энергиясын өндірудегі ЖЭК және ГЭС үлесі
2032 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 26 %

АШЫҚТЫҚ, ТРАНСПАРЕНТТІЛІК ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

- ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерін сертификаттау

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОР БҰҰ-НЫҢ БЕС БАСЫМ ТДМ АНЫҚТАЙДЫ:



Қордың компаниялар тобының Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі көрсеткіштері

КӨМІРТЕГІ ІЗІ,
МЛН ТОННА CO₂-ЭКВ.

↑3%

62,3

2022 — 60,7

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
ШЫҒЫНДАРЫ, МЛРД ТЕҢГЕ

↑43,3%

60,9

2022 — 42,5

СУ ІЗІ, МЫҢ М³

↑4,8%

331,3

2022 — 316,1

ЖАЛПЫ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ,
МЛН ГДЖ

↓5%

431,0

2022 — 453,9

2023 ЖЫЛҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

НӘТИЖЕЛЕРІ

Портфельдік компаниялардағы ДК/БК құрамындағы әйелдер үлесінің орташа өлшенген көрсеткіші басқарма құрамында 13% және 17% құрайды (2022 жылы 14% және 15%)

H&S ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

НӘТИЖЕЛЕРІ

LTIF 0,14-ке тең (2022 жылы 0,16)

КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ

НӘТИЖЕЛЕРІ

Парниктік газдар шығарындылары 1%-ға қысқарды (2022 жылы 0,01%)

РЕСУРС ҮНЕМДЕУ

НӘТИЖЕЛЕРІ

Энергия үнемдеудің жиынтық көлемі — 11 434 мың ГДж (2022 жылы 16 917 мың ГДж)

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

НӘТИЖЕЛЕРІ

1 қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны — 22 академиялық сағат (2022 жылы 19 сағат).

"ЖАСЫЛ" ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

НӘТИЖЕЛЕРІ

Офсеттік жобалар портфелін қалыптастыру — 307 мың тонна CO₂-экв.

АШЫҚТЫҚ, ТРАНСПАРЕНТТІЛІК ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

НӘТИЖЕЛЕРІ

2027 жылға дейін комплаенс функциясын дамыту стратегиясы бекітілді.